

**Абдиркенова Ақбидаш Қапанқызы**  
ҚМПИ, аға оқытушысы, магистр  
Қостанай қ-сы  
**Әбдісәлік Құралай Алдабергенқызы**  
ҚМПИ, жаратылыстану –математика факультеті студенті

## СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

### АННОТАЦИЯ

*Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының жеті модулінің бірі- сын тұрғысынан ойлауды үйретудің маңыздылығы. Студенттердің түйінді идеяларын тәжірибелерінде қолдануы. Сын тұрғысынан ойлау технологиясына шолу жасай отырып, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дамуына жол ашу.*

**Түйін сөздер:** оқыту мен оқу, сыни ойлау.

### АННОТАЦИЯ

*Значимость обучения критическому мышлению - одного из семи модулей уровневой Программы повышения квалификации педагогических кадров. Применение ключевых идей студентов на практике. Способствовать развитию творческих способностей студентов, рассматривая технологию критического мышления.*

**Ключевые слова:** учение и обучение, критическое мышление.

### ABSTRACT

*The significance of critical thinking is one of the modules of the teachers development program. The practical use of key ideas. Facilitate development of creative students abilities considering the methods of critical thinking.*

**Keywords:** learning, teaching, critical thinking.

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми –педагогикалық негіздерін меңгеруі –маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі мақсат –әрбір болашақ мамандарға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Инновациялық үрдістің негізі –жаңалықты қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық, басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Педагогикалық қызметтің басты мақсаты — жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Заман талабына сай білім беру болашақ мамандардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып

табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады. Ендеше осы аталған инновацияға шағын көлемде мағлұмат беріп кетсек.

Жоғары оқу орындарында педагог дайындауда алға қойылатын мақсаттардың бірі болашақ маман өз пәнін жетік меңгерумен қатар, заман талабына сай білікті, білімді, жаңашыл маман болып қалыптасуы. Болашақ педагогтермен қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру. Инновациялық үдерістерде тәжірбиелік жұмыстардың сапалығының нәтижелі тұстарын меңгерту. Болашақ мамандар оқушылардың өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын, құзыретті де, білімді, беделді азамат етіп қалыптастыруға жол ашу. Осыған орай өз пәнімен қатар төрт жыл бойы педагогиканың қыр-сырын жан-жақты меңгере отырып, сапалы жаңа білім беруде шектеусіз инновациялық технологияны да толық меңгеріп шығады. Педагогика пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасының мақсаты да жаңа жан-жақты, заманауи талабына сай, жаңа формациядағы мұғалім мамандарды дайындау болып табылады. Аталған бағдарламаның өзектілігі Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат, міндеттерімен байланысты.

Бұл аталған курста бағдарламаны іске асыру жолдары нақты, айқын мазмұндалып көрсетілген. Үшінші деңгейлі бағдарламаның берілген жеті модулі арқылы әдістемелік жұмыстар тәжірибе барысында жүзеге асырылып көрсетіледі. Атап айтар болсақ,

- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- Сын тұрғысынан ойлау үйрету;
- Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;
- Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- Оқытуды басқару және көшбасшылық

Қазіргі таңда болашақ педагог маман жоғары оқу орнынан білім меңгеруші мен қатар, мұғалім, информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Ал осы бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттер қойылған. Жеті модуль мән мәтінінде Үшінші деңгей бағдарламасының теориялық негіздерінің тұжырымдамалық түсінігін қалыптастыру және оқыту мен үдерістерін жетілдіру мақсатында тыңдаушылардың мектеп көшбасшылығы тұжырымдамасымен және мұғалімнің көшбасшылық қасиеттерін дамыту қағидаттарымен таныстыру т.б.

Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізгі мақсаты- мұғалімдер мен жоғары оқу орнын бітіруші түлектер дәлірек айтсақ жас мамандар мен оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын қалыптастыру. Қай пән үшін болмасын оқушыны сыни тұрғыдан ойлауға үйрету өте маңызды. Дегенмен студенттерге сабақ жүргізу барысында өте тиімді технологияның бірі болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауға үйретуде негізгі мақсат ақпараттың керекті тұсын алып, оны орынды пайдалана отырып жүзеге асыру және талқылап, өзіндік тұжырым жасай білетін, өз жұмысына, өзгенің жұмысына сыни көзбен қарайтын және сол жұмысқа әділ баға беретін тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жеті модулінің бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай

қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ал, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам басқаның көзқарасымен жиі келісе бермейді. Олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану сабақта көп нәтиже береді.

Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешім қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіред. Бұл жас мамандар үшін білім беру барысында – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген оқушылардың білім сапасын көтеруде жағдай жасайтын сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда сабақ уақытын ұтымды пайдалануға мұғалім мен оқушылардың ойлай қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін технологияны тиімді қолдана білу. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу.
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу.
3. Проблеманы шеше білу.
4. Пікір таласты жүргізе білуге қабілеті қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі:

1. Әдіс түрлері.
2. Белсенді практикалық іс-әрекетте болуы
3. Басқалармен қарым-қатынас жасай білу, қорғай білу.
4. Қажет болса өз көзқарасын өзгерту.
5. Топтық тұжырымға келе білу.
6. Топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу.

Ендеше, сыни тұрғыдан ойлау сонымен қатар нені көздейді? Яғни, айтқандарын негіздеуге және өмірлік тәжірибеден “сабақ алуға”; Күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеясын сыни бағалау білу; Басқалардың сыни бағалауына және пікіріңіздің қате болуына ашық болу; Идеяларды тексеріп, “шындықты” іздеуге ұмтылу болып табылады. Ал, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауының негізгі ерекшеліктері. Ұтқырлық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзін-өзі тануға қатысты эмоция да болуы ықтимал). Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу. Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау. Тәртiп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу). Өзіндік сана-сезім: өзіміздің

эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Оқушының жеке басын дамыту үшін мынандай қағидаларды есте үнемі ұстап отыру керек. 1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай оны үнемі алға жылжуға деген талап тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру. 2. Білімді өз бетімен іздену арқылы ойлауға жағдай жасау. 3. Өзін-өзі қалыптастыратын тұлға қалыптастыру. Сабақта сыни тұрғыдан ойлау технологиясының бірнеше стратегияларын қолдану. Нәтижесінде, сыни ойлайтын балалар, өте белсенді, өз ойларынан нақты сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады. Ал, мұғалімнің сын тұрғысынан ойлауы: мұғалімнің өзінің оқыту және оқу тәжірибесіндегі проблемаларды анықтап, мойындауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, тәжірибеде болып жатқан өзгерістер жайлы орынды дәлелдемелерді жинап, жіктеуге және сенімді қорытындылар жасауға негізделеді.

Сыныптағы қарым- қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара іс- әрекеттестік үлгілері, зерттеушілік әңгіме, диалогтің мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс- әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпал тигізетіндігін көрсетті. Сыни тұрғыдан оқыту модулінде сонымен қатар талантты және дарынды балаларды оқыту моделін ықпалдастыруға болады деп ойлаймын. Сабақ процесі кезіндегі оқушы мүмкіндіктеріне қарай ұйымдастырылған тапсырмаларды орындату арқылы оқушы деңгейін анықтауға болады деп ойлаймын. Себебі сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар қойылған сұраққа дәлелдеме іздестіреді, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша және жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады.

Сыни тұрғысынан ойлауды үйрету - білім берудің сапасын арттыруда өте тиімді жоба. Ол үшін ұстаз сабақ мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан қарап, оқушының қызығушылық, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып ой өрісін дамытуда аянбай қызмет атқару керек. Неміс педагогы: Дистербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзі сөйлеп, өз ойын айтып ізденуге жол береді деген»

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Александр, 2001-2008 ж
2. Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялық технологиялар. Алматы, 2014
3. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К «Сыни ойлауды оқу мен жузу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген құрал. Алматы, 1998